АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
МАҚАТ АУДАНЫ
ДОССОР КЕНТІ
ӘКІМІ

АКИМ
ПОСЕЛКА ДОССОР
МАКАТСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ӨКІМ

РАСПОРЯЖЕНИЕ

2026 жылғы 17 ақпан
Доссор кенті

№ 50-ө
поселок Доссор

Тауарлар мен қызметтерді тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» 508 және 509 тармағына сәйкес:

1. Доссор кентіне «Наурыз» мерекелік шарасын ұйымдастыру және өткізу, Доссор кенті бойынша баннер, билборд дайындау қызметтерін 16-баптың 3-тармағының 28-тармақшасы бойынша тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылсын.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты мемлекеттік сатып алу жөніндегі маман Ерманова Бейбит Сериковна:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 16-бабының 3-тармағының 28-тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;

- Өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы шешім қабылдау қағидаттарының сақталуына дербес жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Кент әкімі **А.Космагамбетов**

* Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБылАДы. Қызмет бабына көшірмелер шектеуі данада жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
* Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копии при служебной необходимости делаются в ограниченном количестве. ЗАВЕРЯЮТСЯ и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

Доссор кенті бойынша қоғамдастық жиналысының
№ 4 хаттамасы

Доссор кенті 16.02.2026 жыл
сағат: 15:00

Күн тәртібінде:

Кент көлемінде Наурыз мерекелік шарасын ұйымдастыру және баннерлер қондыру жөнінде келісім беру туралы.

Жиналысты кент әкімі А.Космагамбетов ашып, жүргізді.
Құрметті қоғамдастық жиынға қатысушылар!

Кент көлемінде Наурыз мерекесінің жоғары деңгейде өткізу, кент тұрғындарының бірлігін нығайтып, өскелен ұрпаққа салт-дәстүрді насихаттаудың маңызды екені айтылды.

А.Космагамбетов жергілікті қоғамдастық мүшелері арасынан жиналыс төрағасы мен хатшы сайлану қажет екендігін түсіндіріп, жергілікті қоғамдастық жиналысының мүшелерінің ұсыныс-пікірлерін тыңдап, жиналыс төрағасы болып Бисенов Қадырғали Байгариевич және хатшы Жолдасбаев Талгат Карамурзаевич болып сайланды.

Сөз кезегі жиналыс төрағасы Бисенов Қадырғали Байгариевич берілді.

Жиналыс төрағасы күн тәртібіндегі мәселе бойынша регламентке сәйкес сөз сөйлеушілерге 5 минуттан, жарыссөзге 3 минуттан уақыт белгіленгендігін мәлімдеп, жиналысқа қатысушылардан күн тәртібіндегі мәселе бойынша ұсыныс пікірлерін сұрады.

М.Даулетбаев: Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша толықтай келісемін. Ешқандай қарсылғым жоқ. Қазақ халқының мерекесі жоғары деңгейде өткізілсе барлық тұрғындар үшін жақсы болады. Және кент көшелеріне баннерлер уақытында жанартылып тұрса кентіміздің сәнін келтіреді.

Ж.Куншигаров: Менің де осы жиналысқа қосатын ұсынысым бар. Салт-дәстүрімізді ұстанып келе жатырған халықпыз. Жылына бір рет келетін Наурыз мерекесі неге дұрыстап тойланбасқа. Жыл сайын әр мекеме киіз үй құрады, дастархан жаяды. Бірақ көп тұрғындар ол киіз үйлерге кіре алмайды. Сондықтан, киіз үйлер санын көбейтіп, тұрғындардың барлығы сол киіз үйлерден тағамдардан ауыз тию қажет деп есептеймін.

Б.Тулеуов: Мен де қоғамдастық мүшелерінің пікірлерімен келісемін. Доссор кентінде Наурыз мерекесіне орай ұлттық ойындар, салт дәстүр көріністері, қолөнер көрмесі, ұлттық тағамдар жәрменкесі ұйымдастырылса әдемі безендірулер жасалса керемет мереке өтеді.

көріністері, қолөнер көрмесі, ұлттық тағамдар жәрменкесі ұйымдастырылса әдемі безендірулер жасалса керемет мереке өтеді.

Сонымен қатар, әкімдіктен қаражат қарастырылса тиісті жұмыстарды атқару керек.

Жиналысты қорыта келе, күн тәртібіндегі мәселе бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысы **ШЕШІМ ЕТТІ:**

Кент көлемінде Наурыз мерекесін тойлауды жоғары деңгейде өткізуге және көшелерге баннерлерді уақытында жанартылып қондырылу жөнінде келісім берілсін.

Жиналыс төрағасы: **Қ.Бисенов**

Жиналыс хатшысы: **Т.Жолдасбаев**